

**6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша
(PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін
«Торайғыров университеті» КЕАҚ докторанты**

**А. К. Темиргалинованың дайындаған «ЖОО-ның полиэтникалық
ортасында болашақ педагогтардың коммуникативтік-
этнопедагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбына жазған
диссертациясына, Торайғыров университетінің,
«Тұлғалық дамыту және білім беру» кафедрасының педагогика
ғылымдарының докторы, профессор,
ғылыми жетекші Енгилика Жуматаеваның**

ПІКІРІ

Жұмыстың актуальді екендігі өз-өзінен түсінікті. Бүгінгі заман мұддесі – консолидациялық келісімге келіп, бұл жұмыстан тәрбиеге қолы жеткен ұрпақ өзара коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру арқылы полиэтникалық орта құрып, ортақ бір келісімге келіп, оны жүзеге асыру мақсатында тақырыпқа сай келер әдебиеттерден түзілімдер құрастыруы үлкен жауапкершілікпен іске асты.

Өзінің зерттеу жұмысына Асель Каиргельдиновна Темиргалинова ыждағатты, сүйіспеншілікпен, табандылықпен қатысты. Әдіснамалық негізді аталған тақырыпқа жуық келер жұмыстарды зерделеу түрғысында шешуі жұмыстың тиянақты орындалуына мүмкіндік жасады. Бүгінгі жастарға қойылыш отырған «Бәсекеге қабілеттілікті ұдайы өркендету» сұранымына жауапты саралап қарау түрғысында нақты нәтиже полиэтникалық орта құру үдерісінде грек, орыс, қазақ тілі пәндерінің басымдығы ортақ тіл жасанды орта құру қызметін атқаруға мүмкіндік беруіне үйымдастыру қабілеті құзыреттілік деңгейде іске асты. Әрбір ұғымға, белгіге синтаксистік сөйлем құрауға докторанттың жауапкершілігін SPSS программасын эксперимент жұмысына ұтымды қолдауы деп есептеуге болады.

Зерттеу жұмысының мақсаты, міндеттері логикалық ұстанымы төмендегідей өнімді әдістердің білімдену технологиялық қызмет етер түрлері анықталды, ғылыми жұмыстардың феномендігін ашатын талдау жүргізілді, бұл құжаттарды саралап есеп беруде қызмет етті. Проблемалық, модуль-ақпараттық және т.б. білімдену технологияларына эмпирикалық, эвристикалық, алгоритмдік зерттеу және т.б. қамтылды. Докторант алдына қойған мақсатына қол жеткізген. Ұсынылыш отырған еңбекте осы заманның талабына сай келетін теориялық және практикалық маңызы жоғары ғылыми проблеманың шешімі табылған.

Жалпы ақтуальді коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілікті қалыптастыруға ұсынған 7 ережесі міндеттерімен үндесуінің өзі жұмыстың бірізділігі мен сабактастығын дәйектейді.

Тақырып диссертация мазмұнының феномендігі, халықаралық мәнде ашылғаны байқалды. Докторант қажетті зерттеу нысаналарын ғылыми түрғыда әдебиеттерден іздең, әрбір ой-пікірлерге өздігінен түзілімдер

(таксономия), тұжырымдар, алгоритмдер құрып, өзінің зерттеуіне қажетті тұстарын сарапап, оған дәйектеме жасап отырған.

Диссертация құрылымы, мазмұны, ұсынылған ғылыми жаналықтары, ережелері эксперименттік сынақтан ұтымды өткені құптарлық.

Қорыта келгенде, Асель Каиргельдиновна Темиргалинованың ғылыми зерттеу жұмысы тақырыпты ашады және мазмұны оны айқындал береді. «ЖОО-ның полиэтникалық ортасында болашақ педагогтардың коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбына арналған бұл зерттеу енбекті қорғаудың келесі кезеңіне ұсынуға лайық деп санаймын.

Ғылыми жетекші:
«Торайғыров университеті» ҚЕАК,
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор



«Торайғыров университеті» коммерцинилік өмөт акционерлік қоғамы

жолын растаймын		
подпись	Жуматаева Е	заявляю
HR-қызметі		

Некоммерческое акционерное общество «Торайғыров университет»